

**«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-нің жантанушысының  
2023-2024 оқу жылында өткізген психологиялық қызметінің  
жылдық есебі**

Мектеп педагог-психологінің ұйымдастырушы-әдістемелік күзiреттiлiгi бекiтiлген жылдық жоспар және мектепiшiлiк оқу-тәрбие жұмыс жоспары негiзiнде атқарылады.

Мектеп жантанушысының басты мақсаты мектеппен бiрлесе отырып, оқушылардың жүрiс-тұрысын қалыптастырудағы тәжiрибилiк мiндеттердi шешу, жеке потенциалын, шығармашылық даму мен күзiреттiлiк қабiлеттерiн дамыту, оқуға деген қызығушылығының позитивтi мотивациясын қалыптастыру, жеке және әлеуметтiк дамуындағы бұзылыстарды анықтау және шешу болып табылады.

Мектептегi педагогикалық-психологиялық жұмыс келесiдей бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Психолого-педагогикалық;
- Түзету –дамытушылық жұмыс;
- Психолого –педагогикалық кеңес беру;
- Әдiстемелiк жұмыс;
- Ағартушылық.

**Диагностикалық жұмыс**

Әдеттегiдей қарапайым және күрделi психикалық процестердiң диагностикасы өткiзiледi: интеллект, эмоционалды ерiк-жiгер бағыты, коммуникативтiк қабiлет, тұлғааралық қарым-қатынасы, эмоционалды жағдайын, кәсiби бағдар, құндылық бағдары, мектепке дайындық деңгейiн, психикалық дамуда тежелу және т.б.


Диагностика кезiнде қалыптастырудың жоғары деңгейiндегi (тест, сауалнама, психофизиологиялық әдiстер, проективтi техника) әдiстемелер мен аз қалыптастырған (бақылау, әңгiмелесу, анализ) әдiстер қолданылды.

Тест материалдарының формасы: вербалды, вербалды емес, ауызша және жазбаша, пәндiк, бланк және т.б.

- 3 және 4 сыныптарда «Екi үй» тестi отбасындағы қарым-қатынас.
- 2-4 – сыныптарда «Графикалық диктант» әдiстемесi өткiзiлдi.
- бастауыш және орта буын оқушыларымен буллинг сауалнамасы.
- Д.Голланд тестi 9 сынып оқушыларынан алынды.

Барлығы 16 оқушықатысты, соның iшiнде:

1. Реалистiк тип – 0 оқушы
  2. Интеллектуалды тип – 2 оқушы
  3. Әлеуметiк тип – 3 оқушы
  4. Конвенциалды тип – 3 оқушы
  5. Iскерлiк тип – 4 оқушы
  6. Әртiстiк тип – 3 оқушы
  7. Аралас тип – 1 оқушы ерекшеленедi.
- «Керн-Йерасек тестi» 1 сынып оқушыларынан алынды. Барлығы 9 оқушы қатысты, 2 оқушы 4-6 балға дейiн жинап, оқуға дайын деiгейiн көрсетiп, 7 оқушы орташа деңгейiн көрсеттi.



- «Филлипстің мектептегі мазасыздық тесті» 5 сынып оқушыларында алынды.
- «Н.Г.Лусканова» әдістемесі 5-сыныпта өтті.
- «Менің сыныбым» әдістемесі 5-7-сыныптар арасында өтті.

#### **Ағартушылық бағыт бойынша және кеңес беру:**

- 11 сынып «Емтихан алдындағы үрейді жеңу» тақырыбында ағарту жұмысы өткізілді;
- Даярлық топпен 1 сыныпқа көшу туралы сұхбаттасу жүргізілді;
- 9 сынып оқушыларымен «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында әңгімелесу жүргізілді;

#### **Түзету мен дамытушылық бағыт бойынша:**

- №5 тақырып: «Күйзелістен қалай құтылуға болады?» 11-сынып
- 5-сынып оқушыларының орта буынға кіруімен байланысты бейімделу бағдармасы негізінде атқарылатын жұмыстар.
- №1 «5-сынып дегеніміз не?»
- №2 «Өзіңді таны»
- №3 «Орта мектептегі жаңа оқушы»
- №4 «Біз бір-бірімізді түсінеміз бе?»
- №5 «Сезім әлемі»
- №6 «Біздің мұғалімдеріміз»
- №7 «Дос іздеп жүрмін»
- №8 «Біз және біздің сынып»

#### **Профилактикалық бағыт бойынша:**

- Желтоқсан айының 11/12 – 15/12.2023ж психологиялық апталық (оқушы, мұғалім, ата-аналардың қатысуымен) өтті.
- Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу. Зорлық-зомбылықтың алдын алу. (Жасырын сауалнама) 5-11 – сыныптар арасында. (қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айларында)
- Аутодеструктивті мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алуда психокоррекциялық сабақтар.

#### **№1 тақырып: «Пікірталас – ұрыс емес» 8-11 сыныптар.**

- №2 тақырып: «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» 9-сынып
- №3 тақырып: «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» 10-сынып
- «Ерте жыныстық қатынасқа түсудің зардаптары» шағын дәріс 7-11 сынып қыздарына өткізілді;

- «Мен буллингке қарсымын» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді;
- «Ерте жүктіліктің алдын алу» 7-11 сынып оқушыларымен әңгімелесу өтті.

**Ұйымдастырушылық-әдістемелік бағыт бойынша:**

- Психологиялық бағдарламаларды жасау және тіркеу;
- Есеп құру;
- Нәтижені қортындылау;
- Жүргізілген жұмысты қызмет түріне қарай тіркеу журналына бекіту.

**Профилактика-психологиялық ағарту:**

10-11 – сыныптар тренинг «Мамандық өмір таңдауы»

9-11 – сыныптар дөңгелек үстел «Менің болашақ мамандығым»

11-сынып тренинг сабақ «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?»

11-сынып «Емтихан кезінде стресстен қалай арылымаз?»

11-сынып «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі»

11-сынып «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік»

**Консультациялық бағыт:**

Жыл бойы ата-аналар, педагогтар, білім алушылармен қажетіне қарай жүргізілетін жеке-дамыту сабақтары мен жеке кеңестер.

Кеңестер:

№1 «Мамандық таңдаудағы негізгі мотивтер»

№2 «Таңдаған шешімге жеті қадам»

№3 «Жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы қиындықтарға көңіл бөлу»

№4 «Баланың басты ұстазы ата-ана»

**Диагностика – алдың алу:**

5-11 – сыныптар

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдың алу.

Зорлық – зомбылықтың алдың алу.

Ай сайын жасырын сауалнама алынып отырды.

Сынып сағаттар 1-11-сыныптар арасында төрт тоқсанда бір реттен.  
Тақырыптары: буллинг, зорлық-зомбылықтың, ертежүктіліктің алдын алу.

Мектеп директоры:  Г.Т.Сергазинова.

Орындаған: мектеп жантанушысы Аскарова М.Ж.

